

Әбелдаев Ж. Ә.

1 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Zheka75akim@gmail.com

ТҮРІКТІҢ ҚАЗІРГІ ТАРИХИ РОМАНЫ

Мақаланың мақсаты – қазіргі түрік әдебиетіндегі тарихи романдардың жазылу тарихына шолу жасау.

Міндеті – тарихи романдардағы ұлттық бірегейлік идеясының көтерілу мәселесі, тарихи романдардың идеялық-тақырыптық ерекшелігі және тарихи романдардағы тұлға бірегейлігі анықталады.

Тарихи роман – әдебиеттің сұранысқа ие және өміршеңдігін жоғалтпаған түрі болып есептеледі. Алғаш рет XIX ғасырдың алғашқы ширегінде ағылшын жазушысы Вальтер Скотт жазған тарихи роман мен түріктің алғашқы тарихи романы арасында шамамен елу жылдық уақыт мөлшері байқалады.

Тарихи романдар – тарихқа деген көзқарас тұрғысынан болсын, яки қиял тұрғысынан болсын, олардың танымалдылығы арта түссе де, ұзақ уақыт бойы әдеби тұрғыда зерттеу нысанына айнала қоймады. Мұндай ұстаным танымал тарихи романдарды есептемегенде, түрлі көзқарастардағы шығармалар жазылғанға дейін сол күйінде қала берді. Түрік әдебиетінде Тарық Бұғра және Кемал Тахирмен басталған жаңашылдықтар тарихи романдарға деген қызығушылықты арттырып, ұзақ уақыт бойы бұрынғылармен салыстырмалы түрде, қаламгерлердің тарихқа деген көзқарастары өзгеріп, оған мақтанышпен де, сыни көзбен де қарай бастады.

Мақалада түріктің қазіргі әдебиетіндегі тарихи романдардың даму барысы түрік қаламгерлері шығармашылығы негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихи роман, ұлттық бірегейлік, түрік әдебиеті, түрікшілдік, постмодернизм, герменевтика, түрік прозасы.

Abeldaev. Zh.A.

1 year doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

Modern Turkish Historical Novel

The aim of the article is to review the history of writing historical novels in modern Turkish literature.

The objectives of the article are to determine the issues of national identity in historical novels, ideological and thematic features and characterization of historical figures in historical novels.

Historical novel is a popular and irreplaceable type of literature. For the first time in the first quarter of the nineteenth century between the historical novel written by the English writer Walter Scott and the first Turkish historical novel there is about fifty years.

Historical novels, although their popularity is growing, both from the point of view of history, and from the point of view of imagination, for a long time did not become the object of literary studies. This position remained the same - apart from popular historical novels - as long as works of different views were written. The innovation that began in Turkish literature with Tarik Bugra and Kemal Tahir increases the interest in historical novels, for a long time in comparison with the past, has changed the attitude of writers to history, they began to consider this issue with pride and a critical eye.

The article deals with the development of historical novels in modern Turkish literature based on the works of Turkish writers.

Key words: Historical novel, national identity, Turkish literature, Turkism, postmodernism, hermeneutics, Turkish prose.

Абелдаев Ж.А.

докторант 1 курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Zheka75akim@gmail.com

Современный турецкий исторический роман

Целью статьи является обзор истории написания исторических романов в современной турецкой литературе.

Задачами статьи является определение вопросов национальной идентичности в исторических романах, идейно-тематические особенности и охарактеризация исторических личностей в исторических романах.

Исторический роман является востребованным и незаменимым видом литературы. В первой четверти XIX века между историческим романом, написанным английским писателем Вальтером Скоттом, и первым турецким историческим романом наблюдается примерно пятьдесят лет.

Исторические романы, хотя их популярность и возрастает, как с точки зрения истории, так и с точки зрения фантазии, в течение длительного времени не стали объектом литературного исследования. Такая позиция оставалась – не считая популярных исторических романов – до тех пор, пока не были написаны другие виды произведений. Новаторство, начавшееся в турецкой литературе с Тариком Бугра и Кемалем Тахиром, повышает интерес к историческим романам, в течение долгого времени по сравнению с прошлым изменилось отношение писателей к истории, они начали рассматривать этот вопрос с гордостью и критическим взглядом.

В статье рассматривается ход развития исторических романов в современной турецкой литературе.

Ключевые слова: исторический роман, национальная идентичность, турецкая литература, пантюркизм, постмодернизм, герменевтика, турецкая проза.

Кіріспе

Түрік герменевтикасының даму заңдылықтары сол қоғамның түрлі көзқарастағы саяси-идеологиялық бағыттарымен астасып, сол бағыттар негізінде жаңа туындылар дүниеге келіп жатыр. Түрік прозасы туралы ұзақ-сонар сөз қозғауға болады. Біздің мақаламыздың мөлшері оның бәрін қозғауға шамасы жете қоймас. Дей тұрғанмен, қазіргі түрік прозасының дамуы, әсіресе роман жанрының кең етек жаюы, XIX ғасырға дейін түрік әдебиетінде үстемдік құрып келген поэзияның сәл де болса прозаға өз орнын босатуы, көптеген қаламгердің прозаға қарай ауысуына түрткі болды. Бұл поэзияның құрдымға кетті дегенін білдірмейді. Поэзияда жаңа дәуірде жаңа қырынан дами түсті. Қай қаламгерді алып қарамаңыз, оның шығармашылығы міндетті түрде поэзиядан, яғни өлең өнерінен бастау алатындығы шындық.

Қазіргі кездегі түріктің тарихи романы өте кең танымал жанр болып отыр. Оның бүкілхалықтық танымалдылыққа ие болуының басты себебі – түрік халқының ұлттық бірегейлік идеясы ізденістері дер едік. Ал ұлттық бірегейлік идеясы – тарихтың тылсым құшағында тұмшаланып жатқан тың оқиғалар тізбегінде тізіліп жатқандығы хақ. Ол тарихқа қозғау салу, оны көркемдік-идеялық, әдеби-эстетикалық тұрғыдан таразылап, оқырман қауымның назарына

ұсыну тарихи романның көтерер жүгі екендігі ақиқат. Өткен тарихтың даңқты беттерін парақтау арқылы халық санасына сілкініс әкелуде, оны жаңғыртуда ұлт зиялыларының атқарар ролі зор. Әсіресе қаламгерлер қауымының тарихи шындықты халыққа ұсыну, ата-баба рухын қайта жаңғыртуды көркем әдебиет арқылы жүзеге асыруы мақтарлық іс болмақ.

Қазіргі түрік әдебиетінде тарихи роман түрінің кең етек алуына Сафие Ерол, Нахит Сырры Өрік, Тарық Бұғра, Кемал Тахир, Орхан Памук, Ескендір Пала сынды қаламгерлердің қосқан үлесі ерен. Сафие Еролдың «Жігер тілген» (1946), Н.С. Өріктің «Сұлтан Хамиттің тақтан түсуі», Тарық Бұғраның «Кіші аға» (1963), Кемал Тахирдің «Ел-ана» (1967), Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» (1998) және «Ақ камал» (1985), Ескендір Паланың «Шах-Сұлтан» (2016) тарихи романдары көпшілік оқырманның қуанышына бөленіп үлгерген шығармалар болып есептеледі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Тақырыптың методологиялық негізін отандық және шетелдік әдебиеттер құрап отыр. Қарастырылатын негізгі тақырыптар – қазіргі кездегі түрік әде-

биетіндегі тарихи романдардың даму барысы, түріктің тарихи романдарын түрік қаламгерлерінің шығармалары негізінде зерделеу, тарихи романдарға шолу жасау, түрік қаламгерлерінің тарихи романдарындағы ұлттық бірегейлік идеясының қарастырылуы мәселесі сөз болмақ. Әсіресе, қазіргі заманауи әдеби ағым ретінде түрік әдебиетіндегі постмодернизмді саралау, оның түрік қаламгерлері шығармаларындағы көрінісін баяндау тақырыпты ашуға өз септігін тигізеді.

Тақырыпқа қатысты әдебиеттердің ең негізгілерін түрік ғалымдарының іргелі зерттеулері құрады. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу – зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Олардың арасында айрықша түрік зерттеушілері Ахмет Кабаклының 5 томдық «Түрік әдебиеті» (1994), Инжи Енгинүннің «Жумхуриет кезеңіндегі түрік әдебиеті» (2010) және Әлемдар Ялчынның «Саяси-әлеуметтік өзгерістер тұрғысынан Жумхуриет кезеңі. Қазіргі түрік романы 1946-2000» (2005), Хулуси Гечгелдің «Жумхуриет кезеңі түрік әдебиеті» (2011) атты шығармалары құрады. Сондай-ақ, отандық ғалымдардың «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі» атты ұжымдық монография (2011), Өмірхан Әбдиманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (2010) атты еңбектері негізге алынды.

Сондай-ақ ғылыми мақаланы жазуда шетелдік және отандық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми мақалада тарихи-салыстырмалы, сипаттау, баяндау, саралау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Сонымен бірге интернет ресурстық материалдарды пайдалануды да назардан тыс қалдырмадық. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Қазіргі түрік романының даму барысы «Жумхуриет» әдебиеті кезеңінен бастау алады. Түркия Республикасының құрылуымен (1923) өнер мен әдебиетте жаңа кезең басталды. Әдебиет саласында ол екі кезеңнен тұрады. Алғашқысы 1940 жылға дейінгі әдебиет, ал екіншісі 1940 жылдан кейінгі әдебиет деп бөлінеді.

1940 жылға дейінгі түрік әдебиеті Ұлттық кезең әдебиетімен сабақтаса дамып, идеялық-тақырыптық тұрғыдан нақтылана қоймады десе болады. Өйткені жаңа мемлекеттің құрылуымен жаңа идеологияның қалыптасып, оның халық

арасында үгіттеле, насихаттала қоюы бірден бола қоятын іс емес еді. Сана жаңғыруы болып жатқан елде қоғам дамуының бағыттары әлі де болса анықталмағанынан өнер адамдарының дағдарып қалуы, нақты тақырыптардың болмауы, жаңа дәуірде оқырман деңгейінің де анықталмауы салдарынан мұндай құбылыстың болуы заңды да.

Жаңа роман дегенде 1940 жылдан бүгінгі дейін ірі шығарма ретінде көрініс тапқан 70 жылдық түрік прозасын айтып отырмыз. Әрине бұл шығармалар он жыл көлемінде бөлініп, сұрыпталып отырды. Мысалы 1940 жылдың, 1950, 1960 жылдың дегендей. Бұлайша бөліп қарастыруды кейбір әдебиет зерттеушілері қолдай қоймайды.

1940 жылдан қазірге дейін Түркияның тарихында көптеген саяси-әлеуметтік уақиғалар тізбегін көруге болады. Олардың барлығы дерлік көркем түрде әдеби шығармаларға тақырып болып отырды. Мысалы үшін Ататүрік қайтыс болған соң ІІ Дүниежүзілік соғыстың зардаптары Түркияны қиын жағдайға душар етті. Сондықтан 1940 жылға дейін жалғасып келген «революция, тәуелсіздік, кертартпалық, ерлік, бір түрік күллі әлемге тұрарлық, Түрікпін деген қандай бақыт» сынды патриоттық ұрандарды жаңғыртқан әдебиеттің әрі қарай мұндай ұрандармен дамуы орынсыз болатын (Kabaklı A. 1994: 54-55). Мемлекеттің кері кетуі, сауатсыздық, халқының 70% ауылда өмір сүріп жатқан ұлттың кедейшілік шырмауына шылануы қаламгерлерді, жалпы зиялы қауым өкілдерін қатты ойландыра бастады. Сондықтан бұл жағдай елді жаңғырту керек деген арман құшағындағы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды дүр сілкіндірді. Түркияны барлық жағынан дамыту және жаңғырту үшін барлық мүмкіншіліктер қарастырыла бастады.

Республикалық билік жаңа саяси құрылымды түзумен бірге Батыстану тарапындағы тенденцияларды мемлекетті құтқару перспективаларынан емес, жаңа қоғамдық құрылыс құру мақсатымен ұсынған болатын. Жаңа түрік қоғамын заманауи өркениет белесіне шығару үшін жаңа билік тарапындағы түсінігін мойындатқысы келген жаңа мемлекет батыстану үдерісін одан сайын үдете түскен-ді. Түріктің әлеуметтік өміріне алғашқы күннен бастап бүгінге дейін етене енген батыстану ұғымының болымды, болымсыз тұстары әлі күнге дейін айтыс-тартыс тудырып келеді. «Батыстану үдерісінің түрік қоғамына тигізген ықпалын – дейді түрік ғалымы Ғияседдин Айташ, – осы шеңбер ішінде қалам тартқан романдар негізінде қарасты-

рып, әрі қоғамдық өзгеріс үдерісін, әрі болашақ дамуға деген көзқарасымызды анықтауға болады» (Ауытас Г. 2008: 21).

Қазіргі түрік романы шамамен ХХ ғасырдың басынан бастау алатын роман. Бұл ғасыр түрлі ағымдар мен көркемдік тәсілдерді мейілінше жоққа шығаруға тырысқан романистерді тудырды. Мысалы Клебер Хиденс бұл турасында былай дейді: «Романист болудың жолы біреу емес мың түрлі және бұл жолдардың көбі бізге әлі де таңсық» (Кабаклі А. 1994: 461).

Қазіргі романдардағы уақиға уақытын қаламгердің өзі көрген уақыт шамасы болуы шарт емес. Оқиға уақытын сонау өткен тарихтан алса да, өз дәуіріндегідей етіп суреттеген романдар да бар. Айталық, 1950-2010 жылдар аралығында жазылған романдарда, асылында өз дәуірін суреттесе де роман уақиғасының тақырыбын ескіде өтіп кеткен оқиғадан алуы жиі қайталанатын үдеріс ретінде сипаттауға болады.

Бұл романдардағы өткен уақыт сыпатын көбінесе «Бірлік және даму» (İttihat ve Terakki) кезеңі, Балқан соғысы, Бітімгершілік жылдары, Ұлт-азаттық көтеріліс және осы соғыстың алдында және кейін болған уақыттарын суреттейтін уақиғаларды байқауға болады.

ХХ ғасырда Түркия Республикасының саяси-идеологиялық бағыты «түрікшілдік» идеясымен тікелей байланысты дамыды. Түрікшілдік дегеніміз ұлтшылдық. Алайда ұлтшылдық танымын тар шеңберде түсінуге болмайды. Ол тек түрік халқын емес, сол елде өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің де қамын жеу деген сөз. Сондықтан Түркиядағы түрікшілдік идеясы кейін Ататүрікшілдік (бізде ол Кемализм принциптері деген атпен мәлім) идеяларынан орын алды.

ХХ ғасырдың басында түрікшілдік идеясы күллі түрік халықтарының негізгі идеологиялық бағыты болып табылады. Ұлттық интеллигенция (түрікшілдер) бүкіл түркі халқының бір тудың астына жиналуын, отырықшы болуын, түркілік бірлікті дәріптеді. Олардың көзқарастары мен шығармашылығына, саяси мәндегі ой-пікірлеріне ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында түркі еліне тарай бастаған түркілік, исламдық ағымдар зор ықпал етті. Ол қазақ жерінде де көрініс тапқандығы белгілі. Алайда, бұл идеологияның қазақ зиялылары арасында да айтты-тартты тудырғаны тарихтан мәлім. Әдебиетші-ғалым Өмірхан Әбдиманұлы бұл тұрғысында былай деп жазады: «Айқап бетіндегі түрікшілдермен болған түрлі айтыстар, батысшылдық топтың өз басылымын ұйымдастыруға итермеледі... Сондықтан да, «батысшылдар» идея-

лық-саяси бағыттарының мақсат-мәнін халыққа толық жеткізу үшін халықтың «көз-құлағына» айналар, шын мәніндегі газет шығаруды мақсат тұтты» (Әбдиманұлы Ө., 2010: 43).

«ХХ ғасырдың басынан бастап 1990 жылдарға дейін қазақ елінде тәуелсіздік идеясы әдебиетіміздің негізгі тақырыбы болып келгендігі шындық. Ол қазақ әдебиетінің тарихын көне дәуірден бүгінге дейінгі өткен жолын зер сала қарастырып, үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес елдікті сақтау идеясы. Халық сол арқылы өзінің азаттығын, елдік намысын қорғаған. Мұның тегі арғы түрік мұраларынан бастау алатыны даусыз (Қирабаев С.С. және т.б. 2011: 41).

1940 жылдан бастау алатын түрік романы поэзияда Орхан Вели Канықтың (Ғаріпшілдер) жүзеге асырған жаңашылдығындай бола қоймаса да, өзінің даму бағыттарын айқындай түсті. Ол қарқынды түрде дамып, түрік қоғамындағы саяси-идеологиялық күрестердің шытырман оқиғаларымен бірге жасасып, түрлі бағытта дамыды. Түріктің бір топ қаламгері, мысалы Аттила Ильхан, Кемал Тахир, Тарық Бұғра, Самим Қожағөз, Ильхан Тарус, Севинч Чокум, Бәкір Йылдыз, Айла Кутлу және т.б. ХХ ғасырдың басындағы ірі саяси оқиғаларды суреттейтін тарихи романдар жазды. Түрік қаламгерлерінің енді бір тобы одан да әріге кетіп, көне тарихты қозғауға кірісті. Мысалы, Нежати Сепетчиоглы, Кемал Тахир, Тарық Бұғра, Севинч Чокум, Орхан Памук және т.б. өздерінің тарихи романдарына Селжұқтар, Осман империясы, Қырым хандығы тарихын тақырып етіп алды. Сондықтан, тарихи оқиғаларға негіз артқан роман емес, тақырыбын көне немесе жаңа кезеңде өткен уақиғалардан алған әдеби романдар Түркияда соңғы 50 жылда жазыла бастағанын көрсетеді.

Соңғы 30-40 жыл бедерінде Түркияда айтарлықтай маңызды өзгерістер орын алды. 1980 жылдардың алғашқы ширегінде демократияның мықтап қолға алынуы, әскери режиммен қатар Американың еселеп артқан ықпалы және америкалықтар секілді өмір сүру дағдысы қоғамның барлық сатысын шарпып өтті. Бұл кезеңнің ең басты принципі – экономикалық даму және нарықтық экономика. Ең көп қолданылған «сырт әлемге ашылу», «еркін сауда», тіпті, «бұрыштан көрінбей кету», «товарды сыпырып кету» секілді жаргондық терминдер де етек алды.

Жаңа кезеңде прозада әлеуметтік мәселелер ерекше көтеріле бастады. Махаббат пен талдау романдары 1980 жылдан бастап жаңа

сатыға көтерілді. Әлеуметтік көзқарастағы шығармалар роман болудан гөрі белгілі бір күрестің немесе жаңалану процесінің дәнекері іспеттес рөл атқарды. Сондықтан, осы тақылеттес шығармаларда пессимизмге түсу байқалады. Ондай романдарда сынап-мінеу, тіпті қаралауға дейін барған.

Дей тұрғанмен бұл кезеңде модерндік романдардың постмодерндік романдарға қарай ойысуы көрініс тапқан. Шынында да, қазіргі таңда әр жазушы өз елінің әдебиетінде өзінің жеке дара жолын салу, бағытын ашу сынды талап қойылып жатқаны өтірік емес немесе соған ұмтылады. Қазіргі түрік прозасында кейбір шығармаларда кейіпкерге ат қоюды да ұмытып кеткен сәттер кездеседі. Оқиға мен кейіпкерлерді суреттеу тарапы да солғын түсіп жатқандығы бар. Қазіргі романдар шектеулі уақыт мөлшерінде, нақтылы бір кезеңге немесе белгілі бір ортаға арналмауы мүмкін. Тіпті оның арнайы мақсаты да болмауы әбден ықтимал. Әлдебір түсініксіздеу, қойыртылған стильде жазылуы ғажап емес. Көбісі сюрреалистік және экзистенциалистік көзқараста жазылған постмодерндік романдардың бірсыпырасы Сартрдың өзін артқа тастап кету мақсатын көздейді. Содан болар Алан Робб-Грилл: «Әлемнің я да мәні бар, я да Сартр айтпақшы абсурд. Тек қана бар және көз алдымда тұр» – деп, романистің адамдардың, өмірдің немесе заттардың қарсысында тек көрермен екендігі, оны талдап-таразылауға беделі мұрша келтірмейтіндігін айтады. Ал жаңа проза бағытының ірі өкілі, Ирландиялық ағылшын қаламгері Джонс Джойс (1882-1941) бұл өнерді: «лирикалық немесе метафизикалық терең ықпалдың жемісі... Адам баласын және оның түсініксіздігін рационалдық көзқарас тұрғысынан емес, рационалдықтан тысқары тұрғыдан зерттеген роман», – деп бағалайды (Үалсұн А. 2005: 26).

XX ғасыр түрік прозасында айрықша тарихи романдарға деген аңсар ауған. Тарихи романдардың жаңа дәуірдегі миссиясы сол халықтың ұлттық бірегейлігін анықтауға ерекше септігін тигізе бастады. Батыстық күштердің мәдени-идеологиялық қыспағына ұшыраған түрік социумы өзінің бірегейлігін дәлелдеу үшін ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ерекше мән берді. Осы тұста әсіресе түркі фольклорына деген басымдық берілді. Фольклортанудың мақсаты дейді – дейді түркітанушы-ғалым Рахмақұл Бердібай, – ауыз әдебиеті мұрасындағы ұқсастық атаулыны тізіп көрсетумен шектелмейді. Бұл тараптағы негізгі уәзипа түрлі ұқсастықтардың заңдылықтарын ашу болып табылады (Бердібай Р.

2000: 302). Көне түркі эпостарынан бастап халық хикаяларына дейін жалғасқан фольклорлық үлгілерді терең зерттеу, оларды халық құндылығына айналдыру түрік ғалымдарының мойнына түскен үлкен жауапкершілік болды және олар бұл жауапкершілікті толығымен ақтап шықты. Бұл үдеріс тоқтап қалған жоқ, әлі де жалғасын тауып келеді. Осы тұрғыдан келгенде түріктің тарихи романы ерекше орынға ие.

Тарихи роман – идеялық-тақырыптық ерекшелігін тарихта болған тұлғалардың және сол тұлғалардың айналасында болған шынайы немесе қияли кейіпкерлердің өмірі мен қиял-ғажайып оқиғаларынан алған шығармалар. Еш күмәнсіз тарих пен тарихи роман арасында мейілінше ерекшеліктер бар. Тақырыбын өмірден алған қаламгер өмір мен кейіпкерлер туралы өз қалауынша таңдау жасап, өзгерістер енгізу құқығына ие болса, тарихи тақырыпты таңдаған суреткер де аз-кем өзгеріс жасап, нақты формаға енгізе алады. Белгілі бір тарихи тұлғаға өз қалауынша өзі болжаған мінез-құлықты таңып береді, ал оның бастан өткерген уақиғаларын тартымды ету үшін түрлі махаббат оқиғалары, ар-намыс, ерлік мотивтерімен әрлеуге әбден құқы бар. Тарихта өткен тұлғаларға қияли кісілерді де қосып, көңілден өшіп қалған тұлғаларды жаңғыртып, бас кейіпкерге айналдыруға да шамасы жетеді.

Алайда, бүкіл осы суреттеулерге шынайылық сезімін беруді ұмытпауы қажет. Бұл шындық тарихи шындық болмауы мүмкін, қайткенде де ол шығарма шындығы. Ал шындықты шынайы жеткізу үшін тақырып етіп алған уақыт пен кеңістікті жан-жақты танып, оның тереңдігіне бойлау қажет. Сол кезеңге тән әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді, табиғи көрініс пен сәулет үлгілерін, киім-кешек пен әртүрлі тұрмыс заттарын зерттеп-зерделеуі керек. Ол дәуірде өркениет дамуы қандай дәрежеде екендігі, заң мен тәрбие ережелері, адамдардың ойлау және қарым-қатынас әрекетін білмей тұрып тарихи роман жазуға кірісу еш шүбәсіз күлкі шақырар еді (Kabaklı A. 1994: 463).

Әдеби шығарманың өзгешелігін осылайша тарихи тұрғыдан пайымдай тұра, – дейді академик Зейнолла Қабдолов, – қай дәуірде жазылсын, қандай қоғамдық шындықтан тусын бәрібір, тектес туындыларда адам өмірін бейнелеу жағынан заңды ұқсастық, композициялық құрылым жағынан бірлік болатынын тағы ескеру қажет: лирика жеке басқа тән сан иірім сезімге құрылса, эпос адам өмірінің кезең-кезеңіне кеңірек қанат жаяды да, драма нақты қимыл әрекеттен өрбіп, өрістейді (Қабдолов З., 1992: 287). Көркемдік

дамудың әдеби үдерістен танылатын құбылыстары алуан-алуан: бірін әдеби шығарманың тақырыбынан аңғарсақ, бірін идеясынан, енді бірін адам образынан аңғарамыз. Әдеби жанрлар тағдыры да осы құбылыстарға тығыз байланысты. Мұның егжей-тегжейін бүкіл әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан тошылау, талдау арқылы ғана білуге болады.

Сөйтіп, Жумхуриет кезеңіндегі түрік прозасының даму ерекшелігіне назар аударған түрік ғалымы Хулуси Гечгел әлемдік дәрежедегі түрік романының тумауын мынадай екі себептен іздейді. Оның біріншісі, түрік қаламгерлерінің түрік қоғамы және өмірімен тығыз байланыста болмауы, түрік халқының тарихы мен шынайы өмірін білмеуі, өздері оқыған батыстық жазушылардың ықпалында қалып қоюы, шығармаларында шынайылықтың болмауы; екіншісі детерминистердің аузынан шығатын сөз, олардың пікірінше: біздің қалағанымыздай түрік романы тумаған болса, оған кінәлі өмір. Өміріміз толыққанды емес, өтпелі кезеңде тұрғандаймыз, мұндай жағдайда қарымды қаламгердің шығуы екіталай (Geçgel H. 2011: 264).

Қазіргі кездегі түріктің роман жанрының даму барысы өте күрделі кезеңдерді, тарихи уақиғаларды бастан өткерді. Соның ішінде тарихи романдардың шоқтығы биік. Роман – әдеби жанр ретінде түрік әдебиетінде өзіне тән даму үдерісінен өтті. Осы үдеріс кезінде өмірге келген шығармаларды тақырыбы, мазмұны және баяндау тәсілі тұрғысынан зерделеп, аталмыш жанрдың даму процесін, әрі осы процесс кезінде өзгерген және дамыған әлеуметтік өмірді бағалау мүмкін болуда.

Тарихи роман жазушысынан талап етілетін нәрсе, әрине, өзге қаламгерлерге де қойылатын талаппен бірдей. Яғни, жанды және мәңгілік образдарды туғызу, көркем әрі жүйелі баяндау тәсілі, сол дәуірдің толық бейнесін беретін нақты стиль, көне дәуірді нақты елестететін суреттеу айшықтары, психологиялық талдаулар... Диалогтағы табиғилық және жандылық, романның бүкіл желісін қаумалаған дүниетаным, күштеп мойындатуға тырысқан ойлар мен көзқарастар.

Тарихи романдардағы ұлттық көзқарастар, ұлттық ой-пікірлер, ұлттық идеология сол халықтың өркендеп өсуіне, оның жаңғыруына әдетте үлкен септігін тигізеді. Қоғамның дамуымен бірге адам да жетіліп, тұрмыстық сана ғылыми-көркемдік санаға ұласты. Әдебиетші-ғалым Д. Ысқақұлы бұл тұрғыда былайша ой толғатады: «Әр халықтың әртүрлі жағдайда әр-

келкі дамуына байланысты олардың сана-сезімі де өзгеше қалыптасып, тұтас бір идеологияға ұласты. Ал ұлттық идеология дегеніміз – белгілі бір этностың қазір де, болашақта да өмір сүріп, өркендей беруін қамтамасыз етуді көздейтін пікірлердің жиынтығы. Әрбір халықтың өзінің жеке бір ұлт ретінде өмір сүруінде басшылыққа алып отыратын ұстанымдары ұлттық идеологияның негізін құрайды» (Ысқақұлы Д., 2015: 304).

Қазіргі түріктің тарихи романдары өткен тарихтан сыр шертетін көркем сөздің нағыз шынайы туындылары болып келеді. Жоғарыда да айтып өткеніміздей тарихи романдардың басым көпшілігі Осман Империясының даңқты тарихын толғамды түрде толғайтын туындылар құрайды. 1950 жылдан кейін тарихи романдардың саны арта түсті. «Бұрындары эпостың жалғасы іспеттес тарихтың даңқты беттері мен батырларын сөз еткен көпшілік тарихи роман жазу өнері газет беттерінде үзінділер халінде жалғас тауып, олардың саны көбейген үстіне көбейе түсті» (Enginün İ., 2010: 353).

Абдуллах Зия Козаноғлы (1906-1966) «Қызыл ту» (1927) романынан бастап, тақырыбын тарихтан алған бірнеше көпшілік роман авторы ретінде белгілі. А.З. Козаноғлы сондай-ақ балалар және жасөспірімдер туралы романдардың авторы ретінде де белгілі. Түрік тарихының алғашқы кезеңдерінен бастап ерлік әңгімелер мен биографиялық шығармалар жазған.

Сонымен қатар өзге де қаламгерлер арасында Феридун Фазыл Түлбентчи (1912-1982), Турхан Таң (1885-1939), Рефик Ахмет Севенгил (1903-1970), Решат Екрем Кочу (1905-1975), Рағып Йешим (1910-1971), Митхат Сертоғлыны (1910-1989) атап өткен жөн. Бұлар 1950-1960 жылдары үзінді романдарымен танымал болды және осы дәстүрді жалғастырушылар болып есептеледі.

Белгілі түрік қаламгері Пеями Сафа Турхан Таңның қайтыс болуына байланысты жазған естелігінде елімізде тарихи роман жанрының негізін қалаған бір жазушы болса, ол – Турхан Таң дер едім. Тіпті, бұл түрдің дәстүрін қалыптастырған тұлға деуден тайынбаймын деп ағынан жарылған болатын (Safa P., 1980: 40). Тарихи романдарға деген сұраныстың артуына байланысты қайта басылған еңбектердің арасында Решат Екрем Кочуның шығармалары үздіктер қатарынан табылды. Аталмыш қаламгерлердің қарапайым баяндау тәсілдері оқырмандардың тарихқа деген махаббатын арттыруда өте әсерлі болды. Тарихи романдармен

қатар бастан өткеріп жатқан күнделікті саяси уақиғалар да сиясы кеппей жатып әдебиетте көрініс табуы айрықша 1970 жылдардан соң кең етек жая бастады. Көктүріктер тарихы, Осман Империясының құрылуы, Ұлт-азаттық көтеріліс кезеңі – аталмыш қаламгерлердің негізгі тақырыбына айналды. Тарихи болудан гөрі сол дәуірдің саяси даму мәселесін шығармаларына арқау еткен романистер жас Түркия Республикасының басым демократиялық жолға өтуі, II дүниежүзілік соғыс күндерінің Ыстамбұлдағы студенттер ортасындағы оқиғалар, ақпарат құралдары, кент пен ауылдағы әсерімен әсерлі суреттелді. Түркияда 1960 жылдан кейінгі әскердің билікке араласу мәселелері 1970 жылдан кейінгі шығармаларда кеңінен қарастырыла бастады.

Қорытынды

Қорыта келе, жаңа дәуір түрік әдебиетінде тарихи романдардың саны арта түскені байқалды. Бұл тарихи романдардың негізі ірі-ірі тарихи уақиғаларды қаузауға бағытталды. Солардың ішінде әсіресе көне түркі тарихына бет бұрғандар, Осман Империясының құрылу тарихын суреттегендер, Селжұқтар кезеңіне бет бұрғандар, сондай-ақ XX ғасыр басындағы ірі оқиғалар ретінде сипатталған Балқан соғысы, бітімгершілік дәуірі, ұлт-азаттық көтеріліс секілді уақиғалар жаңа дәуір қаламгерінің негізгі тақырыбына айналды.

Жумхуриет әдебиеті кезеңі, яки Республикалық Түркия кезеңі әдебиеті деп аталатын кезең – қазіргі түрік әдебиетінің бастауы болып есептеледі. 1923 жылдан қазірге дейінгі аралықты қамтиды. Осы бір уақыт бедерінде тарихи романдар жазатын қаламгерлердің саны арта түскені белгілі. Әрине олардың арасында көзқарас қайшылығы, саяси-идеологиялық қақтығыстар жиі орын алып тұрды. Бұл дәуірде бірнеше саяси-идеологиялық бағыттың бір қоғамда дамуы – үлкен қақтығыстарға итермеледі. XX ғасырдың басында әсіресе социалистік бағыттың басымдық табуы ұлттық көзқарастағы қаламгерлерге үлкен қауіп төндірді. Содан болар, түрікшілдік идеясы жиі көтеріліп, түрік халқы өзінің даңқты тарихи оқиғаларын жиі көтерумен болды. Бұл орынды құбылыс болатын, өйткені түрікшілдер және социалистер арасындағы қақтығыстармен қатар панисламистер, батысшылар секілді өзге лагерь өкілдері де түрік социумында үстемдік етуге тырысты. Осындай қиын сәтте түрік халқының жанына қуат беретін, ру-

хын көтеретін рухани қазына керек болды. Бұл қазынаны түрік интеллигенциясы көркем әдебиеттен іздеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демеі ме халық даналығы. Жылы сөз, түркілердің атақты тұлғаларының жаңғыруы – оларға демеу болды.

Тарихи романдарды жандандыру арқылы түріктер өзерінің ұлттық сипатын, ұлттық құндылығын, ұлттық бірегейлігін, ұлттық кодын іздестіру жолына түсті. Өйткені Батысшыл топ түрік қоғамын ірітіп-шірітуге бар күшін жұмсап жатқан-ды. Сондықтан тарихи романдардағы ұлттық бірегейлік мәселесінің елдік масштабта көтерілуі заңды құбылыс дер едік.

Онымен қоса XX ғасырдың 80-жылдары көркем тәсіл ретінде әдебиетте көрініс тапқан постмодернистік ағымның өзі жаңашыл болғанымен батысшылдықты кеңінен дәріптеуге үлес қосты дей аламыз. Неге десеніз, постмодернизм түсінігінде ұлттық сипаттағы құндылықтар интернационалдық мұраға айналуы тиіс. Ал бұл Кемализм принциптеріне қарама-қайшы. Ұлттық көзқарастағы қаламгерлердің мұндай тәсілге мойынсұнбауы сондықтан. Постмодернизм әдісін желеу етіп ұлттық құндылықтарды мойындамайтын, яки мойындаса да арғы жағында тіксінетін қаламгерлер ашық түрде де, жабық түрде де күрес жүргізе бастады. Дегенмен, постмодернистік қаламгерлердің ішінде де ұлттық құндылықтарды құлдыратпайтын тұлғалар болды. Олар әлемдік дәрежеге көтерілу жолында өз ұлтының терең тарихын жоққа шығаратын, яки бұрмалайтын жазушыларға бірауыздан қарсы шығып отырды. Әсіресе, Орхан Памук көтерген саяси астарлы өткір мәселелер Түркияны қиын жағдайларға әкелді. Оның арасында күрт мәселесі, армяндар мәселесі бар. Бұл мәселені қозғау арқылы Орхан Памук шын мәнінде үлкен қылмысқа барған еді. Өз елінде өз ұлтына қарсы шықты деп айыптағандар көп болды. Түркия Республикасы онымен соттасу жағдайына дейін барды, тіпті жеңіп шықты. Орхан Памук үлкен көлемде айыппұл төлеп, өз елінде қалу мәселесін шешіп алды.

Түріктің тарихи романы әлі де тың тақырыптарды көтерері хақ. Соның ішінде әсіресе көне түркілік ортақ тақырыпты қаузайттын қаламгерлер көптеп шығады деген үміттеміз. Мәдени-әдеби жаңғырудың түрік қоғамында одан әрі жалғас табатындығына кәміл сенім артамыз.

Ұлттық бірегейлік мәселесі өзекті болуымен қатар халық тағдырына да ерекше ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Aytaş G. (2008). Tematik Roman İncelemeleri. Hayata Ayna Tutan Romanlar. – Ankara: Akçağ Yayınları.
Әбдиманұлы Ө. (2010). XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа.
Бердібай Р. (2000). Ел боламыз десек... – Алматы: Қазақстан.
Enginün İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. 11. Baskı. – İstanbul: Dergah Yayınları.
Geçgel H. (2011). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. – Ankara: Anı Yayıncılık.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt. V, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt. I, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Қабдолов З. (1992). Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті.
Қирабаев С.С. және т.б. (2011). XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі: ұжымдық монография. – Алматы: Арда.
Safa P. (1980). Objektif:6. Yazarlar. Sanatçılar. Meşhurlar. – İstanbul: Ötüken Yayınları.
Yalçın A. (2005). Siyasal ve Sosyal Değişmeler Açısından Cumhuriyet Dönemi. Çağdaş Türk Romanı 1946-2000. – Ankara: Akçağ Yayınları.
Ысқақұлы Д. (2015). Рухани толғамдар. Зерттеулер. – Алматы: Қаратау КБ.

References

- Aytaş G. (2008). Tematik Roman İncelemeleri. Hayata Ayna Tutan Romanlar. [A thematic study of the novels. Novels that reflect life] Ankara: Akçağ Yayınları.
Әбдиманұлы Ө. (2010). XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. [Kazakh literature of the beginning of the twentieth century] Оқу құралы. Қарағанды: Болашақ-Баспа.
Бердібай Р. (2000). Ел боламыз десек... [If we want to become a nation...] Алматы: Қазақстан.
Enginün İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. [Turkish literature of the period of Zhumhuriyet] 11. Baskı. İstanbul: Dergah Yayınları.
Geçgel H. (2011). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. [Turkish literature of the period of Zhumhuriyet] Ankara: Anı Yayıncılık.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. [Turkish literature] Cilt. V, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. [Turkish literature] Cilt. I, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Қабдолов З. (1992). Сөз өнері. [The art of the word] Алматы: Қазақ университеті.
Қирабаев С.С. және т.б. (2011). XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. [Artistic solution of the idea of independence in the literature of the twentieth century] Ұжымдық монография. Алматы: Арда.
Safa P. (1980). Objektif:6. Yazarlar. Sanatçılar. Meşhurlar. [Writers. Man of art. Known] İstanbul: Ötüken Yayınları.
Yalçın A. (2005). Siyasal ve Sosyal Değişmeler Açısından Cumhuriyet Dönemi. Çağdaş Türk Romanı 1946-2000. [The period of Zhumhuriyet from the point of view of political and social change. Modern Turkish novel 1946-2000] Ankara: Akçağ Yayınları.
Ысқақұлы Д. (2015). Рухани толғамдар. Зерттеулер. [Spiritual Outlook] Алматы: Қаратау КБ